



Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы
ғылыми - әмбебап кітапханасы

Өлкетану бөлімі

«ОӘҒК өлкетану ресурстары –
жастарға» **сериясының**
1 басылымы



Әдістемелік-библиографиялық материалдар

Қарағанды, 2002

Оқырмандарға

Сарыарқа – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймақтың бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Астана облыстарының жері толықтай, Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған.

Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысы 428 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр. Бұл республикадағы ең үлкен аймақ. Әкімшілік-аумақтық құрылым өзгертілгеннен кейін, бұл аумақта 9 селолық аудан мен 11 қала, 39 жұмысшы кенті мен 171 селолық округ болды. Халық саны 1 миллион 700 мыңнан асты, яғни республика халқының 10 пайызын құрайды.

Қарағанды облысының даму тарихына үңілер болсақ, қадау - қадау іргелі істердің куәсі боласың. Аймақтың шапшаң игерілуіне бірден-бір себепкер болған оның мол табиғи байлықтары еді. Сонау жиыrmасыншы-отызыншы жылдарда А.А.Гапеев, Н.Г.Кассин, Н.И.Наковник, М.П.Русаков, Қ.И.Сәтбаев тәрізді есімдері бүгінде кеңінен танымал геологтар Орталық Қазақстан аймағының кен байлықтарын зерттеді. Жиыrmасыншы жылдардың басында-ақ Қоңырат, Жезқазған, Семізбұғы, Өспен және басқа жерлерде түсті металдардың мол қорының бары анықталған. Соғысқа дейінгі кезең ішінде жаңадан ашылған көмір және түсті металл кен орындарының негізінде Орталық Қазақстанда Қарсақбай, Балқаш мыс қорыту зауыттары салынды. Жезқазған, Қоңырат рудниктері, Қарағанды көмір бассейні игерілді.

Еліміздің экономикасындағы Орталық Қазақстанның алатын орны ерекше екендігі сол кезде-ақ белгілі болған.

Сарыарқа – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші. Сарыарқаның асыл тумалары, сонау Абылай заманындағы Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек, ақындар Шөже, Шашубай, Доскей, жазушы С.Сейфуллин және ақын Қ.Аманжолов, композиторлар Тәттімбет, Мәди, Ұлы Отан соғысының қаһарманы Н.Әбдіров ғалымдар А.Чижевский және Е.Бөкетов, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров сияқты атақты адамдар Сарыарқаның атын шығарған. Көмірлі өңірдің халқы Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевты да өзінің бел баласы деп есептейді. Өйткені ол жас күнінен бастап Теміртаудағы атақты Қазақстан Магниткасында горновой болып еңбек жолын бастаған.

Еліміздің тарихынан орын алған «адамзат ажалының аралындай» КарЛАГ-та жас ғұмырларын «тар жол, тайғақ кешумен» өткізген небір совет және шет елдің жүздеген оқымыстылары, зиялы қауым өкілдері тар қапаста жүрсе де Қарағандыда тұңғыш өнер ошақтарын ашқан «алғашқы қарлығаштар» болып табылады. Бұл өнер қайраткерлерінің артынан ызғарлы, қайғылы сұмдыққа толы жылдары туындаған өнер мұралары қалды. Қазіргі кезде бұл мұралар әлем жұртшылығының қызығушылығын тудырып отыр.

Өлкетанудың маңызды мәні жас ұрпақты Отан сүйгіштік рухында тәрбиелеу. Оқушылар өз өлкесі жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығын аттаудан бастауы керек. Елбасымыз Н.Назарбаев «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына

Жолдауында жас ұрпақ туралы: «Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп жазған.

Өкінішке орай, қазіргі кезде орта және жоғары оқу орныдарына арналған өлкетану оқулықтары мүлдем шықпайды деуге болады. Қазіргі кезде бұл жоқтықты аймақтың өлкетану орталығы болып саналатын ОҒӨК өлкетану бөлімі біраз жеңілдетеді. Өлкенің тарихымен танысу үшін сіздерге Н.В.Гоголь атындағы ОҒӨК өлкетану бөлімінің кітап қоры, өлкетану картотекасы және электрондық каталогтың негізінде жасалған осы көрсеткіштің материалдары көмек береді.

Көрсеткіштің маңыздылығы мектеп оқушылары мен қалың көпшіліктің туған жер туралы білім дәрежесін арттыруға, жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтуге де қажет.

Көрсеткіштің мақсаты – Жастарды өлкенің өткен, яғни Қазан революциясына дейінгі тарихымен және олар туралы әдебиеттерімен таныстыру.

Көрсеткіш мұғалімдерге, Жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, оқушыларға, өлкетанушыларға және өз өлкеміздің тарихын білгісі келетін оқырмандарға арналған.

Облыстың өткен тарихынан

(Қысқаша тарихи очерк)



***Ортаңғы қола дәуірінің қыш
бұйымдары***

Батысы Торғай ойпатына тіреліп, шығысы Қара Ертіске еңкейіп барып тоқтайтын, түстігін Балқаштың көгілдір толқындары шайып жатса, терістігі көк Есілмен көмкерілген ұлан-ғайыр Сарыарқа сан ғасырлардан бері қазақ деген бұла халықтың құтты қонысы болып келеді. Тарихқа жүгінсек, осынау далада адамзат дамуының ұлы көшіне ықпалын тигізген талай оқиғалар мен құбылыстардың өткенінен куә боламыз.

Орталық Азияға, соның ішінде Сарыарқа жеріне, адам баласының қоныстана бастағаны шамамен 1,5-1 млн. жылдар бұрын болған. Ең көне ескерткіштер: адамдардың тұрақ қоныстары, тас қару-жарақтары, жартасқа

кашап салған суреттері осы межені көрсетеді. Балқаш көлінің солтүстік жағасы, Бетпақ шөлінен бері қарайғы аймақ Қарқаралы, Бұғылы мен Тағылы, Нұра-Сарысудың бойы, одан әрі Баянауылға, тіпті Көкшетауға дейінгі Сарыарқаның тұла бойы тас ғасырының айғақтарына толы.

Ежелгі палеолиттің адамдары Орталық Қазақстан өңірінде, байтақ жатқан Сарыарқада шель-ашель дәуірінің соңын ала пайда болды. Оның археологиялық айғақтары Қарағанды облысының Обалысай, Мүзбел, Талдысай, Жаман Айбат, Қосмола Қызылжар деп аталатын жерлерден табылған. Көптеген зерттеушілеріміз бұл айғақтарды осыдан 100-40 мың жыл бұрынғы орталық палеолит немесе мустьер дәуірінің адамдары тұтынған дейді. Ғалым тілінде неандерталь деп аталатын адамдар.


Археологиялық ескерткіштер Орталық Қазақстан жерін, соның ішінде Қарағанды аймағын палеолит дәуірінде-ақ адам мекен еткенін аңғартады. Олар аң, балық аулап, қоректік өсімдіктермен күнелткен. Садақ пен жебені, сондай-ақ найзаны қолданған. Неолит дәуірінде егіншілік негіздері пайда болған. Бұл кезеңнің жұрты Бұқпа өзені бойынан, кейінгі неолит қоныстары. Зеленая Балка (қазіргі Доскей ауылы) тұрағынан табылды. Қола дәуірінде аймақтың ежелгі халқы негізінен мал бағумен айналысқан, егін де салған. Бұл Суықбұлақ (Қарқаралы) қонысы мен ежелгі жер суару жүйесінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан көрінеді. Б. э. д. II-ші мыңжылдықтың басында Сарыарқаны қоныстанған тайпалар ішінде металлургиямен айналысатындары шықты. Жер бетіне жақын орналасқан түсті металдың бай қоры – алтын, мыс, қалайы адам қаракетіне жарады. Орталық Қазақстанда қола өндірісі өмірге келді. Қазақстан тарихының б. э. д. II-ші мыңжылдығын қола дәуірі деп атау тікелей осыған байланысты. Ол дәуірдегі адамдардың тіршілік салтын комплексті деп атауға дәл келеді, себебі бір жерде мал шаруашылығы да, егіншілігі де, сонымен бірге кен өндірісі де қатар дамыды.

Бегазы (Ақтоғай ауданы), Дәндібай (Топар поселкесінің маңайы) зираттық кешендер атымен аталған, б. з. б. X–VIII ғасырларда осы күнгі облыс жерінде бірегей Бегазы–Дәндібай мәдениеті өркендеген. Малшылықпен қатар бұл өңірде кен қазу және

металл қорыту тайпалардың өндіргіш күштерін дамытуда аса маңызды роль атқарды. Жалпы Бегазы – Дәндібай заманындағы тайпалар мәдениетінің басты ерекшелігі ескі қола мәдениетінің түрлері құлпыра өзгеріп, соның негізінде оған ешбір ұқсамайтын мәдениет қалыптасқан.

Қазақ халқы ертеде көшпелі өмір сүрген. Орта жүз қазақ рулары қыста Сырдарияның арғы жағасында өткізсе, жаз жайлауға Сарыарқа деп, аңсап-сағынып Орталық Қазақстанға асыққан. Бұл шаруашылық-мәдени үрдіс Бегазы-Дәндібай заманында пайда болды.

Орталық Қазақстанды мекен еткен алғашқы тайпалар мен тайпалық одақтар жалпылама түрде «сақ» деп аталынды. Тарихи дамудың барысында көне тайпалар мен тайпалық одақтар орнына жаңа тайпалар пайда болып, олардың аттары да өзгеріп отырды. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына және феодалдық қатынастардың қалыптасуына жеткізді. Ғайса пайғамбар туғаннан бергі жыл санаудың VIII-XI ғасырларында бұл өңірде көне сақтар мен көк түріктердің ізін басып қимақтар мен қыпшақтардың қуатты бірлестігі – Қимақ қағанаты ғұмыр сүрген. Ұлы әкімшіханның ордасы Орта Ертіс өңірінде тігілген. Қағандық құлағаннан кейін, II ғасырдың 1-жартысында оның орнына Дешті Қыпшақ мемлекеті құрылды.



Жошы хан мазары (XIII ғ.)

XIII ғасырдың басында Орталық Қазақстан өңірі монғол шапқыншылығына ұшырап, Алтын Орда құрылғаннан бері Қарағанды облысының аумағы Жошы хан ұлысының құрамына енген, одан XIV ғасырда Ақ-Орда (оған солтүстік-шығыс, Орталық және оңтүстік Қазақстан аумағы енген) бөлек кеткен. XIII-XV ғасырлар архитектурасының ескерткіші Қызыл кеніш сарайы осы кезеңің ірі археологиялық ескерткіші болып саналады, жұрнағы Қарағандыдан 260 км, Қарқаралы ауданының Қырғызия ауылының Кент тауының шығыс бөлігіндегі Қызылсу өзенінің жағалауында жатыр. Жергілікті тайпалардың экономикалық және саяси жағдайы күрт құлдырап, өндіргіш күштер әлсіреді, мұның өзі қазақ ұлысының қалыптасу процесін тежеді. Елдің аумақтық-саяси тұтастығы бұзылды, түрлі түркі топтары бөлшектеніп, араласып кетті,

дегенмен олар өздерінің тілі мен әдет-ғұрпын сақтап қалды. Алтын Орданың мемлекеттік бірлестігінің бытыраңқы сипаты, феодалдық алауыздық, бағынышты, басыбайлы болған халықтардың азаттық күресі XV ғасырдың бас кезінде Алтын Орданың ыдырауына әкеліп соқты. Сол кезде бірқатар мемлекеттік бірлестіктер құрылып, соның біріне енді. XVI ғасырдың басында Орталық Қазақстан өңірі жергілікті экономикалық және этникалық негізде туындаған мемлекеттік құрылым кең байтақ Қазақ хандығының құрамында болды. Қазақ халықтарының құрылуы қазақ ұлысының қалыптасу процесіне жәрдемдесті.

XVII ғасырдың бірінші жартысында Орталық Қазақстан жеріне ойрат (жоңғар) тайпалары басып кірді. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі жүз жылдан астам уақытқа созылды. Халық бұқарасының қаһармандық күресі нәтижесінде XVIII ғасырдың орта шенінде Қазақстан жоңғар басқыншыларынан азат етілді.

Аймақтың одан кейінгі тарихы Қазақстанның Ресейге қосылуымен тығыз байланысты. 1822 жылы 22 маусымда патша өкіметі өзінің отаршыл саясатын нығайту мақсатымен Указ шығарып, «Сібір қырғыздарының (қазақтарының) уставын бекітті». Осы Указ бойынша қазақ даласындағы хандық өкімет билігі тоқтатылып, патша өкіметі ұсынған жаңа әкімшілік жүйе пайда болды.

Осы күнгі Қарағанды облысының жері – Баянауыл, Ақмола және Қарқаралы округтарының құрамына енді. Сөйтіп, осыдан 200 жылдай бұрын Сарыарқада Ресей империясының алғашқы бекіністері – Қарқаралы (1824), Ақтау (1937), Ұлытау (1841), т.б. қазақ-орыс станицалары пайда болды.

Қарқаралы округі ең ірі округтің бірі болған. Орталығы Қарқаралы шатқалында орналасқан (қазіргі Қарқаралы қаласы). Онда негізінен арғындар көп тарап, солар мекендеді. Округте 18 болыс құрылып, оның 16 болысы арғын руларына тән болса, екеуінде қоңырат пен наймандар ғана болды. Бұл Қарқаралы округіндегі арғындар негізінен 136 ауыл, 15022 түтін, 101251 адамнан тұрған. Бұлардың негізгі кәсібі мал және жер шаруашылығы болды. Олар ең даланы жайлап, қыс қыстауға, жаз жайлауға көшіп-қонып тіршілік етті. Осында қалың арғынның ортасында керей тайпасының 4960 адамы бар 10 ауылдан (1143 шаңырақ) тұратын бір болысы мен 359 адамы бар уақ тайпасының 52 шаңырағы бірге көшіп жүрді.

Қарқаралы округінің қазақтары жазда Кіші және Үлкен Нұра, Шідерті, Талды, Өлеңті, Ащысу т. б. өзендер төңіректерін, Батағор, Ерейментау бөктерлерін, Баянауыл тауының оңтүстік бөктерлерін жайлады. Олар Қазанғап, Түндік өзендерінің бойындағы қаптаған шатқалдары, Балқаштың солтүстік жағалауларын, Қарқаралы тауларын т. б. қыстады.

Көшпелі Қарқаралы округінің шекаралары қазіргі Қарқаралы ауданының шекараларына сай келді.

...Қазыналы Қарағанды өңірінің Қазан революциясына дейінгі жағадайын сөз еткенде, бұл өлкенің әкімшілік жүйесіне тоқтала кету қажет сияқты. Қазақстанның орталық бөлігін алып жатқан осынау байтақ өңірді 1867-1868 жылдары патша өкіметі үш облысқа бөлді. Ол кезде Қазақстандағы облыстар саны алтау-ақ болатын. Жаңағы орталық өңірдің үш облысы Ақмола, Семей және Торғай еді. Әр облыс бірнеше уезден құралып, уездер болыстарға бөлінген. Қарағандының өнеркәсіпті ауданы бұл кезде Ақмола уезіне қарайтын. Ал уезд құрамында 20 болыс болған.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының далалық аймақтарын басқару жөніндегі уақытша ереже» бойынша Орталық Қазақстан жері Ақмола және Семей облыстарына енді. 1860 жылы крепостнойлық құқықты жойған соң Ресейдің орталық губерниялары мен Украинадан қоныс аудару ісі басталды.

XX ғасырда біздің облыстың аумағына шетелдік капитал келе бастады.

1-Дүниежүзілік империалистік соғыс кезінде патша өкіметі еңбекші халықты езуді күшейтті. Бұл 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісін туғызды. Оған Қарағанды, Жезқазған, Спасск кеншілері, Өспен руднигінің жұмысшылары, т.б. қатысты. Патша өкіметінің жазалаушы әскерлері бұл өңірдегі көтерілісті аяусыз басып-жанышты, алайда көтерілісшілердің бір бөлігі Торғай аймағындағы Амангелді Иманов жасағына барып қосылды, ал кейбір топтар Байқоңыр көмір кені ауданында 1917 жылға дейін дербес қимыл жасады.

1917 жылы қазан айында Ұлы Қазан социалистік революциясының жаңғырығы кешікпей-ақ Қарағандыдағы далалық айқаптарына да жетті. Қарағанды далалық айқаптары екі жылдай қырғын және қан төгілген азамат соғысының алаңы болды. Мұнда, Қарағандыда Анненков, Дутов және олардың көмекшілері қаһарланды.

Әдебиеттер:

Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы.- Қарағанды ҚарМУ баспасы, 1998.-275 б.

Аршабеков Т. Қарқаралы күмбездері.- Қарағанды: «Арқо» ЖШС, 1997.- 96 б.

Аршабеков Т. Тасқа жазылған тарих // Сана.- 2000.- 7 желтоқсан (№46).- 5 б.

Аршабеков Т. Туған жер төсіндегі жәдігерлер: /Қазына: тарихқа шолу/ // Орт. Қазақстан.- 1994.- 29 желт.

Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін). Оқу құралы.- Алматы: РБК, 1997.- 404 б.

Әзиев Ә. Қазыналы Сарыарқа.- Алматы: «Қазақстан», 1978.- 119 б.

Балташұлы Е. Қазыналы құтты өлке // Орт. Қазақстан.- 2002.- 9 қаңтар

Бекбалақ Қ. Сарыарқаның рухани қазынасы: Этнографтың жолжазбасы // Орт. Қазақстан.- 1998.- 23 желт.

Бұланты шайқасы / Жауп. Ред. Ж.О.Артықбаев.- Қарағанды: РМҚ «Полиграфия» ӨБ, 1998.- 64 б.

Дәулетбектегі С. Теміршедегі таңбалы тас: /Қарқаралы маңындағы ескерткіштер туралы/ // Қарқаралы.- 1995.- 9 қыркүйек

Жанысбай С. Бегазыда көп сыр бар: Ескерткіш – елдігіміздің белгісі // Орт. Қазақстан.- 1999.- 2 қазан

Қадыров М., Нұрмұқамбетов Б. Ертедегі Орталық Қазақстан тайпаларының мәдениеті мен өнері // Ежелгі мәдениет куәлары.- Алматы, 1966.- 68-78 б.

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев.- Алматы: Қаз. сов. энцикл. Бас ред., 1990.- 632 б.

Қарқаралы округтік приказының ашылуы // Қарқаралы.- 1991.- №3.- 86-91 б.

Марғұлан Ә. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет куәлары.- Алматы, 1966.- 8-52 б.

Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы.- Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994.- 80 б.

Омарбекова М. Қарқаралының тарихи ескерткіштері және саяхат маршруттары // Қарқаралы.- 1999.- 10, 17, 24 сәуір // Орт. Қазақстан.- 2000.- 13-31 мамыр, 3 маусым

Попов Ю. Өлкеміздің тарихи беттері: Тастар сыр шертеді // Шұғыла.- 1981.- 28 март

Сапарұлы Б. Көне тарих отаны боған өлке немесе Бегазы-Дәндібай мәдениеті туралы // Қазақстан әйелдері.- 1992.- №3.- 8,9 б.

Сейдімбеков А. Күнгір-күнгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар.- Алматы: Жалын, 1981.- 240 б.

Сейдімбеков А. Қарқаралы // Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітап.- Алматы, 1978.- 93-109 б.

Смағұл С. Ескерткіштер ел мұрасы: Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясына – 55 жыл // Сарыарқа.- 2001.- 2 қараша

Смайылов Ж., Бейсенов А. Қызылкеніш сарайы // Білім және еңбек.- №6.- 28-31 б.

Сұлтанов К. Шапқан төбенің құпиясы: /Қарқаралы ауд. Қаз. экспедициясының зерттеулері бойынша табылған қола дәуірінің соңғы кезімен көшпелі тұрмысқа ауысудың алғашқы дәуірін көрсететін материалдар жайында/ // Қазақ әдебиеті.- 1969.- 23 авг.

Уәлиханов Ш. Қарқаралы сыртқы округіндегі болыстардың қыстақтары: Қарқаралы құжаттары.- 1991.- №4.- 89 б.

Ісләмұлы І. Шежірелі өлке – Жаңаарқа // Азия Транзит.- 2000.- №6.- 28-37 б.

Қарағанды облысының революцияға дейін кезеңіндегі пайдалы қазбалар кен орындарының өндірісі

Орталық Қазақстан жері археологиялық қазбаларға ежелден бай екені белгілі. Ұшқан құстың қанаты талып, арғымақтың белі бүгілген қазақ даласының ой-шұңқырын жалықпай аралап, әрбір жартас, обаны мұқият зерттеген тамаша археолог, этнограф, тарихшы Ә.Х.Марғұлан «Орталық Қазақстан біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың екінші жартысында Еуразия құрылығындағы маңызды металлургия орталықтарының бірі болды. Жезқазған кендерін алғаш игеру неолиттен (жаңа тас дәуірі) энеолитке (мыс дәуіріне) көшу кезеңінде (б. з. д. 1 мыңжылдық) басталған» деп батыл қорытынды жасауы тегіннен-тегін емес. Геолог, белгілі американдық маман Сидней Боллдың деректеріне қарағанда көне дәуірдің өзінде бұл өлкеде миллион тоннадай мыс кені өндірілген. Оның бұл мәліметін Жезқазған өндірістерінің іргесін қалауда айрықша роль атқарған академик Қ.И.Сәтбаевтың зерттеулері дәйектей түседі. Қазақтың ежелгі қонынысы жайлы тарихтың атасы Геродот және басқа ғұламалар да «суы сүт, топырағы май, тасы алтын мекен» деген анықтамалар қалдырған.

Тарихшылар, археологтар қазақ даласындағы көне топонимдердің (жер-су атауларының) көпшілігі сонау сақ дәуірінен қалғандығын дәлелдейді. Олар кіндік мекенде (қазақ даласында) неліктен тұрақтап қалмағанын? Геология минералогия ғылымының докторы Ә.Байбатшаның ғылыми шындыққа (дәлелге) негізделген мына пікірі назар аударарлық. Оның зерттеуінше ежелгі ата-бабаларымыз соңғы палеолит (көне тас дәуірі) кезеңінде, даланы жаппай суық қысқанда, осыдан 20-15 мың жылдар шамасы бұрын қоныс аударып бастаған. «Қоныс аударудың екінші ауқымды толқыны б. з. д. II-I мыңжылдықтарда, геологияда белгілі суббореаль суық кезеңінде басталды. Қазақ даласының шығыс аймағын мекендеген сақ тайпалары Қиыр Шығысқа қарай көшіп, қазіргі Монғол Алтайының шығысынан Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы кең далаға, шығыс даласына қоныс тепті». Біздің заманымыздың басында олардың ұрпақтары қыпшақтардың тағдыры да осыған ұқсас, дүниенің төрт бұрышына тарап кеткен.

Геродот сақ-скифтер туралы тарихта теңдесі жоқ деректер қалдырды. Сақтар өздері араласқан, кейін сіңісіп кеткен елдерге мәдениетін, аңыз-әңгімелерін таратты.

Асқан дарындылығымен ежелгі грек елін таңқалдырған ұлы қандасымыз Анахарсис (Арыс) әлемге әйгілі жеті ғұламаның бірі деп танылған. Бізге жеткен деректерге сүйенсек: мыс, қола заманында Арыс тайпасының кеншілері, шеберлері Жезқазғанда мыс, қола қорытып, қару-жарақ, тұрмыстық бұйымдар жасаған. Алтын, күміс, малахит (жасылтас), азурит (көктас) минералдарынан зергерлер ғайжайып сәндік-өшекей бұйымдарын жасағап, қару-жарақтарын безендірген. Сақ тайпалары өз тәжірибелерін жетілдіріп, нәтижесінде темірді де игерген. Арыс тайпаларының ұсталары құрыштан (темір) соққан қару-жарақтар кейін Үйсін мемлекетінің жауынгерлік даңқын асырғаны тарихтан белгілі.

Геродот ерекше атаған сақтардың ендігі бір тайпасы – исседондар (ассактар) Жетісу мен Сарыарқаны еркін жайлап, мал шаруашылығы, тау-кен ісімен айналысқан. Негізгі кәсіптері болғандықтан тау-кен ісі кең көлемде жүргізілген. Олар арыс тайпасымен бірге Жезқазған кенді аймағын алғашқы игерушілер Ә.Х.Марғұлан ашқан Ақсу-Аюлы аймағындағы б. з. д. X-VII ғасырлардың аса дамыған ескерткіші Бегазы қонысы біздің сол бабаларымыздан қалған. «Асылардың (ассактардың) қола, алғашқы

темір заманындағы археологиялық ескерткіштері Балқаш өңірінен, Атасу-Қаражал ауданынан да көптеп табылған».

Ә.Марғұланның жан-жақты зерттеулері қаңлылар мен қыпшақтардың металлургиялық өндіріс орталығы – Жезқазған кен алқабы болғандығын дәлелдеген.

Арабтың белгілі жиһанкез географы Әл-Идрисидің жазуы бойынша Ұлытау төңірегінен өндірілетін алтын, күміс, жез секілді өтімді дүниелерді (тауарларды) Шаштың (Ташкенттің) саудагерлері кірелеп тартып, әйгілі Ұлы Жібек жолының бойындағы керуеншілерге еселеп сататын болған. Бұл тауарлар одан әрі Батыс пен Шығыстың елдеріне тарап отырған.

Ширек ғасырдан (1946-1977 ж.ж.) астам Сарыарқа, Бетпақдала төңірегінде тынбай жұмыс жүргізген Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы халқымыздың өткен дәуірін көз алдымызға елестетерліктей деректер жинақтады. 1946 жылы Бетпақдаланың солтүстігінен Ұлытау таулары, Торғай, Жыланшық өзендерінің жоғарғы ағыстары, Кеңгір, Жезді, Байқоңыр мен Бұланты, Мойынты, Сарысу өзендерінің ағыстары аймағында кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілді. Кезінде Қ.И.Сәтбаев ашқан Бұланты бойындағы таңбалы тастар, кейінірек Қаракеңгірдің жоғарғы ағысынан табылған ғұн дәуірінің қорғандары, халқымыздың ежелгі мәдениетінің қайталанбас айғақтары.

Жезқазған аймағынан соңғы жылдары табылған б. з. д. II – мыңжылдықтар кезеңіне жататын аса құнды ескерткіштердің бірі, ҰҒА Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының зор табысы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) деп атауға тұрарлық – Талдысай қонысы. Ол Жездіден Ұлытауға қарай 17 шақырым, Жезді өзенінің бойында, қазіргі Талдысай елді мекенінің батысында орналасқан. Ғалымдардың болжауынша алғашқы тайпалар б. з. д. II-мыңжылдықтардың ортасында мекен етіп, қоныс екі рет қайтадан салынған. Бұл яғни қола дәуірі, ал ғылыми тілімен айтсақ андрон мәдениетінің тұсы. Сарыарқа жері сол мәдениеттің үлкен бір ошағы болғандығы жайлы Ә.Х.Марғұланның тұжырымын Талдысай қонысы сөзсіз айғақтай түседі. Осы қоныстан онша қашық емес, Жезді қалашығының іргесінде орта ғасырдың ескерткіштері – Басқамыр, Аяққамыр кесенелері бар екенін еске түсірсек, бұл төңіректі қай кезеңдерде болмасын ел жайлап, орнықты қоныс еткенін байқалады.

«Талдысай қонысының тағы бір құндылығы – ауылдың батыс шетінде, өзен жағасына таяу жерден мыс балқытқан пештің ашылуы. Бұл пеш негізінен мыс рудасын күйдіріп, жартылай қорытуға арналған. Пеш түбіндегі шұңқырға шлагы мен мысы ажырамаған қоспа шөгіндісі құйылыпты... Мыс рудалары қорытылған үлкен пештің жанында таза қоланы тигельмен ерітуге арналған кіші шұңқыр – ошақ қазылған. Оның диаметрі – 0,5 м, тереңдігі – 30-40 см. Шұңқыр іші күл мен көмір үгінділеріне толы, қабырғасының сылағы оттың қатты жанғанын күйіп, қыш тәріздес қатайып қалғанын көруге болады. Пештер төңірегінен ұсақтап сындырылған руда кесектері, шлак, мыс түйіршіктері, кішкене келсаптар, балға тәріздес құралдар көптеп табылды». Демек, Жезқазған төңірегінде осыдан төрт мың жылға жуық уақыт бұрын Батыс, Сібір, Оңтүстік Сібір тайпаларын қоламен, мыспен қамтамасыз еткен Кресто, Покро, Милықұдық секілді кеншілер қоныстарының қатарына тағы бір аса маңызды ескерткіш қосылды.

Осылай Жезқазғанның бай кен орындары ежелден-ақ белгілі болған. Патша өкіметі бұл далаға талай-талай әскери экспедициялар жасақтап жіберіп отырды. Осындай бір

әскери экспедиция 1771 жылы 11 сәуірде жасақталған еді. Осы экспедицияның құрамында капитан Н.Рычков та болды, ол осы жерде мыс рудаларының белгілерін байқайды. Оны Барон Траунбер патшаға жеткізген. Бірақ патша өкіметі бұл жаңалықты онша елемейді. Жезқазған мысын 1907 жылы ғана естеріне түсіреді. Бұл ағылшындар болады. Олар мыс өндірісімен айналысып, 1914 жылы мыс қорыту зауытын ашады.

Қазақ даласының асыл кендерін қорытып, азды-көпті өнім алған түсті металлургияның тұңғыш кәсіпорыны – Благодатно-Стефанов зауыты жыл мезгілінің қолайлы уақытында ғана (сәуір – қазан) жұмыс істеген. Тұрған жері – Түндік өзенінің оң жағалауы, Қу тауының етегі, Нұрбике-Шаншар болысының аумағы, Қарқаралы және Баянауыл округтарының (XIX ғ. 1-ші жартысындағы әкімшілік бөлінісі бойынша) шекарасы. Зауыт Қазбек би селосынан 24 км жерде жатыр. Оны Томск губерниясынан шыққан кәсіпкер-саудагер С.И.Попов 1844 жылы тұрғызған. Мұнда қорғасын, қара мыс, алтын және күміс балқытылған. 1844 жылдан 1861 жылға дейін өмір сүрген кәсіпорын 17 жыл ішінде 78,3 мың пұт қорғасын, 394 пұт қара мыс, 32 пұт алтын аралас күміс өндірген. Өндіріс процесі біраз қалыптасқан жылы жұмысшы саны 272 адамға жеткен. Бертінірек өндіріс құралдарының тозуына және руда, отын қоспа материалдар (флюсы) тасымалының қиындауына байланысты зауыт біржолата тоқтап, қалған қора-қопсылары 1865 жылы өртеніп кеткен. Аздаған жыл өмір сүрсе де, Благодатно-Стафанов зауыты Қазақстанның болашақтағы түсті металлургиясының алғашқы көзі болды.

Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында Қарағанды көмір бассейінің маңызы ерекше. Облыстың тарихы бассейн тарихымен тығыз байланысты.

Қарағанды көмір кенішін алғаш ашушы Аппақ Байжанов, ол 1833 жылы Нұра өзенінен оңтүстікке қарай Қарағандыбасы деген жерде тас көмір кесектерін табады.

Ел ауызындағы аңызға қарағанда: Қарағандыдығы Ескі қаланың орнында қалың қараған өседі екен. Сол қарағанның ішінде соңында екі тазысы бар Аппақ деген бір байдың қойшысы қой жайып жүреді. Бір кезде қойдың бір шеті дүр ете қалады. Жалт қараса бір суыр қашып бара жатыр екен. Тазылар тұра бастыртады, бірақ, суырдың іні таяу екен, ініне қояды да кетеді. Ол күні-күн кешкіріп қалғандықтан Аппақ суырдың інінің аузын таспен бекітіп кетеді. Келесі күні ерте келіп, суырды інінен қазып алады. Сол күні ін түбінен көмір шыққан екен дейді. Әуелде Аппақ оның не екенін білмейді... Қара бояу ма деп ойлайды. Бірсыпырасын үйіне алып келіп жүн бояп көреді. Жүнді тек кірлеткені болмаса жүнге бояу болып қаппайды. Содан ауыл ақсақалдарына көрсетеді. Олар да шеше алмайды. Бір күні кешкілікте тезектің маздап жанған отын айнала қоршап отырғандар тағы да сарапқа салады.

—Бірақ бұл алтын да емес, күміс те емес, жез де емес, ал жәй тас та емес. Не екенін «бір Алла» өзі білсін, -деп отырғанда, бір тас отқа түсіп кетеді. Ол жана бастайды.

Отырғандар:

—Тас жанып жатыр, тас жанып жатыр!- деп шу ете қалысады.

Басқалар қолындағы тастарын отқа салады, әлгі тас онан сайын қыза жанады. Сол жерде «бұл жәй тас емес», «Жанатын тас» болды деседі. Ертеңінде-ақ сол **«Жанатын тас»** туралы хабар жоғарғы жерге жеткен екен. Бұл хабар орыс көпестерінің де құлағына жетті. Сол тасты тапқан Аппақты бір төре іздеп келген дейді. Аппақ әлгі төреге тасты тапқан жерін көрсетеді. Ол үшін Аппаққа ат тұяғындай алтын, қой тұяғындай күміс берген екен. Қарағандыдағы тұңғыш рет ашылған «Қаразабой» деген шахта сол Аппақтың көмірін тапқан жерінен ашылған дейді.

1856 жылдың наурыз айында Қызылжар көпесі Н.Ушаков, өндірісші көпестер – Рязанов, Зотов және басқалармен бірге осы жерді сатып алады. Орыс көпесі өкілімен бай Игілік Өтеповтың арасындағы келісім-шартта былай делінген: «Осы жерді өз еркімен бергені үшін көпес Ушаковтан 250 сом алды және олар да, мирасқорлары да Ушаков пен компаниядан ештеңе талап етпеуге тиіс...».

1856 жылы «Қара забой» деп аталатын Иванов ашық карьері пайдалануға берілді. 116,3 пұт көмір өндірілді. Осы жыл Қарағанды көмір бассейнінде тас көмірдің өндіріле бастаған жылы болып есептеледі.

Сол жылы көпес Н.Ушаков Қарағанды көмір кенішінен 40 шақырым жерден Спасск мыс қорыту зауыты құрылысын салуға рұқсат алады. Мыс кені Нілді қойнауындағы Өспен руднигінен өндірілетін болды. Сөйтіп, Қарағанды көмір кеніші Спасск мыс қорыту зауытының отын базасына айналды.


Көмір өндіру өте төмен қарқынмен жүріп жатты. Қарағанды шахталарының жұмыс істеген алғашқы 30 жылында (1856-1886 ж.ж.) барлығы 302,8 мың тонна көмір шығарылды.

1886 жылы қарыздың өсіп кетуіне байланысты өкімет Рязановтардың барлық тау-кен кәсіпорындарын тоқтатуға шешім қабылдайды. Қарағанды көмір кеніші, Спасск мыс қорыту зауыты және Өспен руднигі 12 жыл жабылып, бос тұрды.

1898 жылы Рязановтың мұрагерлері өз кәсіпорындарын қайрадан іске қосуға әрекет жасады, бірақ XX ғасырдың басында оған қаражаттары болмай қалды.

1904 жылы Францияның бұрынғы президентінің ұлы Клод-Эрнест Жан Карно патша Николай-II сарайындағы тамыр-таныстығын пайдаланып, Қарағанды кенішіне ие болады, бұл үшін ол орыс көпестеріне 766 мың сом төлейді.

Қарағанды көмір кеніші мен басқа кәсіпорындар 1907 жылдың шілдесінде Лондонда Джим Роберт ұйымдастырған негізгі капиталы 3 млн. фунт стерлинг болып табылатын «Спасск мыс кені» акционерлік қоғамының меншігіне өтеді. 1908 жылы зауытты оның отын базасы - Қарағанды көмір бассейнімен байланыстыратын ұзындығы 40 шақырым Қарағанды – Спасск тар табанды темір жолы салынды. 1916 жылы Өспен руднигінен солтүстік-шығысқа қарай Жақсы Сарысу өзені бойынан салынған Сарысу байыту фабрикасы іске қосылды.



Революцияға дейінгі қазақ кеншілерінің ағылшын концессионерлері шахтасындағы еріксіз еңбегі. 1. Ағылшын капиталистерінің иеліктеріндегі шахта. 2. Забойшы

Ағылшындар Қарағандыда 1920 жылға дейін иелік етті. Жылдың басында Ақмола аумағына енетін Қарағанды өңірі ақ гвардияшылар мен интервенттердің қолынан босатылғаннан кейін ағылшын алпауыттары Қарағандыны тастап кетуге мәжбүр болады. Ағылшындардан қопарылған және су толған шахталар мен басқа да іске алғысыз шаруашылықтар мирас болып қалды. Қарағанды шахталарында осы кезде небәрі 125 жұмысшы болған. Азамат соғысы жылдары Қарағандыда көмір өндіру мүлде доғарылды. Сөйтіп, 1929 жылға дейін көмір кеніші консервацияда тұрды

1920 жылы профессор А.Гапеевтің басшылығымен Қарағанды аймағында геологиялық - барлау жұмыстары жүргізіліп, Қарағанды тас көмір кеніші туралы тұңғыш ғылыми негізделген жұмыс жасалды. Мұның өзі Қарағанды бассейнінің жаңа тұрғыда дамуына негіз болды.

Әдебиеттер:

Аймағамбетов О. Көпірдегі жұлдыз: /Қарағанды көмір кенінің ашылғанына 150 жыл/ // Орт. Қазақстан.- 1983.- 25 мамыр

Әзиев Ә. Қазыналы Сарыарқа.- Алматы: Қазақстан, 1978.- 119 б.

Әзиев Ә. Сарыарқа құпиясы: /Ә.Х.Марғұланның басқарған экспедициясының Қарқ. ауд. Бесоба ауылының төңірегінде жүргізген археолог. Қазба жұмыстары жайлы/ // Лениншіл жас.- 1969.- 12 авг.

Әміралин Ә. Арқада туған алып.- Алматы: Қазақстан, 1981.- 134 б.

Әубәкіров Б. Сонымен, Қарағанды көмірін ашқан кім? // Орт. Қазақстан.- 1992.- 3, 4, 5 қыркүйек

Благодат-Стефонов заводы // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 134 б.

Еркімбаев А. Италиялық археологтар Талдысайға назар аударды // Сарыарқа.- 2001.- 7 қыркүйек

Еркімбаев А. Талдысай тарих тіл қатады: Туған жер тарихының беттерінен // Сарыарқа.- 2001.- 19 қыркүйек

Жасампаз жылдар жылнамасы /Құраст. А.Ж.Жанғожин, Е.С.Лұқпанов.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1999.- 96 б.

Жауымбаев С. Көне кеншіліктің іздері // Білім және еңбек.- 1987.-№1.- 38, 39 б.

Нұралин Н., Жәмінов К., Едіресов Т. Қазыналы қойнаулар.- Алматы: Қазақстан, 1983.- 160 б.

Өзекті жылдың асулары: /Қарағанды көмірінің табылуына 150 жыл толуына байланысты/ // Орт. Қазақстан.- 1983.- 28 тамыз

Сағынаев О. Көмірлі Қарағанды: /Қарағандыда көмір шығуының тарихы/ // Соц. Қазақстан.- 1983.- 7 маусым

Сағындықов А. «Қара алтынның» қоймасы: /1833-1929/ // Орт. Қазақстан.- 1983.- 19 мамыр

Сейдімбеков А. Қойшы тапқан қазына // Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітап.- Алматы, 1978.- 8-17 б.

Семқұл Б. Благодатно-степанов заводы // Қарқаралы.- 1998.- 15 тамыз

Төрегелдин М. Мәңгілік мұра // Азия Транзит.- 1999.- 10-16 маусым

Украина мен Ресей шаруаларын қоныстандыру

Патша өкіметінің қазақ даласын отарлау саясаты әскери үстемдік жүргізуден басталып, Қазақстанның орталық, солтүстік аймақтарына қамалдар, бекіністер, қалалар салумен жалғасады. Мысалы: Омбы (1716 ж.), Семей (1718 ж.), Ақмола, Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Торғай (1845 ж.), басқа да өңірлерде бекіністер мен қамалдар салынды.

Көші-қон саясаты немесе шаруаларды қоныстандыру саясаттың төркіні тереңде жатты: ол-шаруалардың революциялық қозғалыстан аландату; осылар арқылы жаңа мекенді тыянақтану; отарлаушы әскерлердің қатарларынан толтыруға көз ету; царизмнің орыстандыру саясатын жүргізу; әртүрлі халықтарды орнынан ығыстыру арқылы оларға ортақ жауға қарсы тұру жолында бірігуге мүмкіндік бермеу; Батыс Сібір Бас басқармасының 1866 жылғы қазан айында қабылданған қаулысыныда: «Қырғыз даласына көшіріліп, қондырылатын жұмысшы жанұялары өздерінің сенімділігі мен хал-жағдайының орнықтылығына сүйенетін болсын». Бұл Ресейден көшетіндерге қойылатын талап. Ал жаңа жерде «орыс отарлауы жемісті болуы үшін көшіп-қонатындарға қолда бар жағдай жасалсын» делінген. Көші-қон қозғалысы 1861-1892 ж.ж. алғашқы екпінде Ақмола, Орал, Семей, Торғай, Жетісу аймақтарын қамтыды. «Сібір Темір жолының Айырықша Комитеті» құрылғаннан кейін (1892) көшіп-қонудың жаңа белесі етек жайды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патшалық Ресейдің отарлау саясаты күшейе түсті. Қазақ халқының басына ауыр қасірет үйіріле бастады: 1868 жылы көшіп-қону комитеті (переселенческий комитет) құрылды. Ол қазақ даласын кеңінен отарлауға жол ашты. Қазақстанның төрт облысы (Ақмола, Торғай, Орал, Семей) бойынша миллиондаған десятина жер зорлықпен орыс шаруаларына берілді.

Көшіп-қону мәселесін толық жүзеге асыру үшін патша өкіметі 1889 жылы «Орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандырудың негізгі шарттары» туралы заң қабылдады. «Қоныс аудару қоры» - деп атайтын ұйымын құрды.

Орталық Ресейден Қазақстанға шаруалар, әсіресе XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап қауырт көше бастады. 1896 жылы Ақмола және Семей облыстары жеріне көшіп келген шаруалардың 43 болысы құралды, саны 150 мың адамға жетті.

Қазақстан жеріне орыс, неміс, украин шаруаларын қоныс аудару Ресейдегі Столыпин реформасынан кейін кеңінен құлаш ұрды. Ақмола, Торғай, Орал, Семей облыстары бойынша 1906 жылы 25 100 шаруалар (ерлер) келсе, 1909 жылы 87 711 адам келді. 1906-1912 жылдар арасында осы төрт облыс жеріне 438 072 адам келіп орналасты. 1383 учаскелер ұйымдастырылып, 9 114 707 десятина жер бөлініп берілді.

Қазіргі Қарағанды облысының аймағы ол кезде Ақмола мен Семей облыстарының қарамағына кірген. Бұл аймақтан 251 779 десятина жер алынып, 10 940 адамы (ерлер) бар 24 қоныс аудару учаскелері ұйымдастырылды. Осы кезде Қарқаралы уезінің Қу болысында – 1509 қазақ шаруашылығы, Ақтөбе болысында - 1135, Едірей болысында – 1881, Темірші болысында – 1854 қазақ шаруашылықтары болған еді. Патша өкіметінің отаршылық саясаты осы аталған қазақ шаруашылықтарын қыспаққа алып, отырған мекендерінен ығыстыра бастады.

Патша өкіметінің мақсаты қазақ жерінің шұрайлы, құнарлы алқаптарын отарлауға байланысты болды. Сол себептен орыс шаруаларын Орталық Қазақстанның Есіл, Нұра,

Ертіс өзендерінің бойына, суы мол көлді аймақтарға орналастырып отырды. Патша өкіметінің отарлау саясаты осы алқаптағы қазақ шаруаларын ыдыратып, ығыстыру болды.

1907-1912 жылдары Нұра өзенінің бойына Саратов, Самара, тағы басқа губерниялардан немістердің 13 поселкесі құрылды. Ал қазіргі Нұра, Осакаров, Бұқар жырау аудандарының аймақтарына 30-40 орыс шаруаларының поселкелері орналасты.

Мысалы: Киевка поселкесі – Нұра ауданының әкімшілік орталығы, облыстың ежелгі және ерекше елді мекені. Поселокты 1898 жылы Украинадағы Киев губерниясынан келген қоныстанушылар құрған; Вольское село - 1913 жылы Самар губерниясы, Вольск уезінен келушілер: Дубовка село - Дубовка губерниясынан, Новая Узенка – село, Саратов губерниясы, Узенка селосынан келушілер және т.б. жерлерді көшіп келушілер бұрынғы қоныстарының аттарын жаңа мекенге қойып отырған.

Қарағанды көмір кенішіне алғаш рет күрек салынуы өткен ғасырдың орта тұсында басталғаны тарихтан белгілі. Патша өкіметі көмір және мыс кен орындарына иелік ететін орыс көпестеріне 1857 жылы қазақ даласында жергілікті тас көмірді пайдалану арқылы мыс қорыту өндірісін ұйымдастыруға рұқсат береді. Осыған байланысты Қарағанды көмірін өндіру қолға алынады. Бұл жұмыс ол кезде өте қарапайым әдіспен тым баяу жүргізілген еді. XX ғасырдың бас кезінде мұнда көмір қазумен айналысқан жұмысшылардың 200-дей ғана болғаны соның дәлелі.

Алайда, Қарағандының айналысына тұрғын халықтың қоныстануы барған сайын молая түскен. Мұнда 1907 жылдың қарсаңында Үлкен Михайловка, Дубовка, Новоузенка, Волынка, Тихоновка деп аталған поселкелер пайда болған. Әуелі көпестер, одан кейін шетел концессионерлері сол поселкелерде тұратын халықтың арасынан тым төмен еңбек ақыға шахтаға жұмысшылар жалдап отырған.

Әдебиеттер:

Әбдәкімұлы Ә. Қазақстанның Ресейге қосылу жайы // Қазақстан тарихы.- Алматы, 1997.- 110-123 б.

Жартыбаев А. Орыс тілінен енген атаулар // Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары.- Қарағанды, 1998.- 61-68 б.

Кутищева А. Алыптың бастау арнасы // Орт. Қазақстан.- 1984.- 5 наур.

Қарқаралы уезіне жер аударылғандар // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 356 б.

Шаймұқанова Р. Екінші отаны – Қазақстан немесе Қазақстнаға зорлықпен қоныс аударған халықтар тарихынан // Орт. Қазақстан.- 1998.- 18 қараша

Сарыарқаның «Жібек жолы» (Қоянды жәрмеңкесі туралы)

Жетісудағы сан ғасырлық тарихы бар Жібек жолының маңызы қандай болса, Арқадағы атақты Қоянды жәрмеңкесінің де ел тарихынан алатын орны ерекше. Ол кезінде Қарқаралы дуанын дамытуға әсер етіп қана қойған жоқ, бүкіл қазақ даласына сауда капиталының қанат жаюына ықпал жасады, өндірісі жоқ үлкен өлкенің қажетін шығарды, әр тарапта бытырап жүрген халықтың басын қосуға, өнерін ұштауға жол ашты. Соған орай еліміздің атақты адамдарының ішінде оған ат ізін салмағаны кемде-кем.

Қоянды жәрмеңкесінің негізін қалаған Ботовтар әулиеті. Сондықтан да Қоянды жәрмеңкесі ресми түрде 1848 жылы ашылып, ол алғаш «Ботов жәрмеңкесі» деп аталған.

1848 жылы 15 мамырда Ялуторск көпесі Варнава Ботов өндіріс товарларымен Қызылжарға мал айдап апара жатқан саудагерлердің алдынан шығып, сауда жасау мақсатында Тоқпақ тауларының баурайындағы үлкен жазыққа келіп қоныстанады. Ол өз товарларын қымбат бағамен айырбастап, мал мен одан алынатын өнімдерді, қол өнер бұйымдарын Қызылжарға, тіптен Ресейден европалық бөліктеріндегі қалаларына жеткізіп, пайда табады. Мұндай оңай олжа басқа да орыс көпестерінің назарын аударады. Осы себептерге байланысты 1849 жылы мамыр айында Қояндыда (Қарқаралы қаласынан 50 шақырымдай жер) орыс саудагерлері мен қазақтардың съезі ашылады. Бірте-бірте дами отырып, бұл сауда орны жәрмеңке дәрежесіне дейін көтерілді. Жәрмеңкенің дәл осы жерде ашылуына оның негізінен Қытайдан Қызылжарға баратын көпестердің жолы болғандығы әсер етеді.

Жәрмеңкенің алғашқы саудасы киіз үйлерде жасалса, 1871 жылдан бастап арнайы орындар салына бастады. Жәрмеңкедегі негізгі сауда-саттық түрі жылқы, ірі қара, қой, ешкі сияқты малдарды сату болған. Сонымен қатар мал өнімдері және шай, сары май, жеміс түрлері, азиялық маталардың түрлері болды. Қоянды жәрмеңкесі өзінің алғашқы кезінен бастап Қытай, Монғолия сияқты көрші елдермен байланыста болды.

1855-1862 жылдары қазақтардың мал санының азайып кетуіне қарамастан 1869 жылы Қоянды жәрмеңкесінде саудаға түскен мал басы жарты миллионнан асып түскен. 1869 жылы Семей губерниясының әскери губернаторы Полторацкий мен Қарқаралы уезінің бастығы штабс-капитан Тихонов Қоянды сауда орнын жәрмеңке ретінде тануға бұйрық шығарды.


1869 жылы 12 қыркүйекте Батыс Сібір Бас басқармасының кеңесі Қоянды жерінде жыл сайын 15 маусымнан 15 шілдеге дейін жәрмеңке ұйымдастыруды бекітеді. Бұл сауда орны оның негізін қалаушы орыс көпестерінің құрметіне орай Ботов жәрмеңкесі деп аталады. Қоянды жәрмеңкесі жылдан жылға күшейе түседі. 1872 жылы Қояндыда жоспарсыз, жобасыз сауда орындарын көптеп салу қолға алынды. 1876 жылы он алты балаған, 120 киіз үй болған. 1883 жылы бұлардың саны тиісінше 110-ға және 250-ке, ал 1890 жылы 247-ге және 1000-ға жеткен. 1889 жылы телеграф тартылып, 1894 жылы банк бөлімшесі ашылды. 1900 жылы 30 дүкен, 276 балаған, 707 киіз үй болады. Сауда нүктелері 55 шаршы шақым жерді алып жатқан.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ботов жәрмеңкесіндегі сауда-саттықты айтарлықтай азайтты.

Қазақ төңкерісінен кейін Семей облыстық Кеңесінің атқару комитеті 1918 жылғы 13 мамырдағы қаулысымен жәрмеңкені Қоянды деп атап, оны Кеңес өкіметінің қарамағына беру және сауданы маусымның басынан, шілденің басына дейін жүргізу жөнінде шешім шығарды. Алайда, азамат соғысы кезіндегі аласапыранда оған ешкім жиналмай, 5 жыл бойы бос тұрды. 1932 жылы Қоянды жәрмеңкесі қайтадан ашылды.

Қоянды жәрмеңкесінің алғашқы жылдары тек сауда-саттық мәселелері ғана басты орын алса, кейінгі жылдары саяси-мәдени мәселелер де биік орын алатын болған. Мұнда қыр елдері билерінің съезі өтіп, онда түрлі әлеуметтік, құқықтық мәселелер сөз болып, бар қадіріне өз шешімін тауып отырған. Қоянды жәрмеңкесі көптеген ақындардың, палуандардың, халық циркі артистерінің т.б өнерлерін тамашалайтын орынға айналды. Сондай-ақ жәрмеңке төрінде ойын-сауыққа да кең орын берілген. Айтыс, күрес, өнер сайысы жиі көрсетіліп отыратын болған.

Арқа төсінде 82 жыл дүрілдеген Қоянды жәрмеңкесі үлкен нәубет алдында 1930 жылы біржолата жабылды.



Қоянды жәрмеңкесі. 1911 ж.

Әдебиеттер:

Әзиев Ә. Қазына төрінде: Қоянды жәрмеңкесі туралы // Мыс ошағы: Роман.- Алматы, 1988.- 193-285 б.

Дәулетбаев С. Қоянды-Бутаков жәрмеңкесі болған әуелгіде..: Оқыдық пікір қосамыз // Қарқаралы.- 1997.- 18 қазан

Ерғазықызы Қ. Қоянды жәрмеңкесі хақында бір ауыз сөз // Халық кеңесі.- 1992.- 9 қазан

Жұртбаев Т. Жәрмеңке // Дара тұлға: Деректі повесть.- Алматы, 1984.- 67-106 б.

Қарсыбеков Ж. Атышулы, әлемге әйгілі жәрмеңке // Орт. Қазақстан.- 1992.- 7 сәуір

Қойбағаров Х. Жәрмеңкенің тағылымды беттері // Қарқаралы.- 1998.- 26 қырк.

Қоянды жәрмеңкесі // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 360, 361 б.

Ләмбеков С. Базардағы кездесулер: Қоянды жәрмеңкесінің 150 ж-на // Қарқаралы.- 1998.- 31 қазан, 14 қараша

Ләмбеков С. Қоянды жәрмеңкесін қайтадан ашайық // Орт. Қазақстан.- 1991.- 29 қазан

Ләмбеков С. Қоянды жәрмеңкесі // Қарқаралы.- 1993.- 4 қырк., Орт. Қазақстан.- 1993.- 8 қырк.

Ләмбекұлы С. Арқадағы атақты думан-базар: Қоянды жәрмеңкесінің 150 ж-на // Қарқаралы.- 1999.- №1-2.- 14-17 б.

Ләмбекұлы С. Арқадағы Қоянды жәрмеңкесі // Қарқаралы.- 1998.- 21 наурыз

Ләмбекұлы С. Қоянды жәрмеңкесі // Егемен Қазақстан.- 1998.- 18 наурыз

Лұқпан Е. Жаңғыртайық, Қоянды жәрмеңкесін // Орт. Қазақстан.- 1992.- 23 сәуір

Майбас Т. Қоянды жәрмеңкесінің соңғы күнінде..: Шытырман // Орт. Қазақстан.- 1999.- 20 ақпан

Сағындықов А. Қоянды жәрмеңкесі // Орт. Қазақстан.- 1995.- 24, 29 тамыз

Сәбитов М. Жәрмеңкенің соңғы жылдары // Ленин туы.- 1990.- 18 желт.

Сәбитов М. Қоянды жәрмеңкесі // Орт. Қазақстан.- 1991.- 16 наурыз

Семқұл Б. Қоянды жәрмеңкесін қайта түлетсек // Қарқаралы.- 1997.-13 қырк.

Смағұлов Ғ. Сарыарқаның «Жібек жолы» // Орт. Қазақстан.- 1998.- 6 қаңтар

Темірғалиева К. Жәрмеңкелер жақсылық әкелді // Орт. Қазақстан.- 1998.- 4 сәуір

Тоқжігітов М. Жәрмеңкеде // Ән атасы – Әміре.- Алматы, 1972.- 44-52 б.

Сарыарқа саяхатшылар жазуларында (17-19 ғғ.)

Шығысын шөлге беріп, төрт құбылысын желге беріп керіле созылып Сарыарқаның жер асты байлығы Ресей патшасына да, тегін пайда іздеп дүниенің төрт бұрышына бірдей көз тіккен шетел алпауыттарына да, табиғат сырын білуге құмар жиһанкез саяхатшыларға да көп уақыт бойы жұмбақ болып келді. Орталық Қазақстанның бай археологиялық ескерткіштері ежелден-ақ саяхатшылардың мұқиятын туғызған.

Патша өкіметі бұл далаға талай-талай әскери экспедициялар жасақтап жіберіп отырды. Қазақ даласының қойнауында тұнып жатқан байлықтарға орыс елшілері Ф.Скинин мен М.Трошин да кезінде көңіл бөлген. XVII ғасырдың соңында олардың Тобольскіден Түркістанға дейін жүріп өткен жолы картаға түсірілді.

Бұдан сөң Сібірді зерттеуші географ-картограф әрі тарихшы С.У.Ремезов та XVII ғасырдағы орыстың географиялық ғылымында жаңалықтар аша түсті. Ол жаңағы картаның белгілерін негізге алып, 1701 жылы «Сібірдің сурет кітабын» жасады. Бұл күрделі еңбегінде ғалым Қазақстан жерінің солтүстік және орталық аудандарын дұрыс көрсетті, әрі табиғат пен кен байлықтарына да баса назар аударды.

Қазақстанға аттандырылған алғашқы экспедиция І Петрдің тікелей нұсқауымен ұйымдастырылды. Бұл экспедициялар геологиялық барлауларын Ертіс өзенінің бойымен Зайсан көліне дейін, Тарбағатай және Жоңғар таулы сілемдерін шолып өтіп, көптеген геологиялық материалдар жинады.

Ресейдің Ғылым академиясы қазақ даласының батысы мен шығысын, сондай-ақ орта бөлігін зерттеуде бірталай тыңғылықты істер атқарды. Түкпір-түкпірге жөнелтілген экспедицияларға белгілі ғалымдар да қатыстырылды. Солардың бірі – Орынбордың губерниялық канцеляриясында ұзақ қызмет істеген, белгілі саяхатшы П.И.Рычков өз еңбегінде Кіші жүз бен Орта жүздің де мекендерін географиялық жағынан тұңғыш рет таныстырып шықты. Кейін оның баласы әскери топограф, капитан Н.П.Рычков та әкесі жүрген жерлерді шарлап, тіпті кен көздерін тапты. 1771 жылы ол әскери экспедиция құрамына қосылып, Сарыарқа даласына жол шекті. Экспедиция Ұлытау, Жезқазған өңіріне келіп тоқтағанда, көне дәуірдегі кеншілердің іздерін зерттей отырып Н.Рычков «1771 жылы Қырғыз-қайсақ даласына жасаған саяхаттың күнделік жазбалары» деп аталатын еңбегінде: «Ұлытау қойнауынан басталатын әйгілі өзендер: Ұлықарағай, Жыланшық, Кеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір бойында ертедегі адамдардың қазған кендерінен алтын мен күмістің белгілері табылды» деп жазды.

Н.П.Рычковтан кейін қазақ жерінің кен байлығын зерттеуде Ресей Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған арнаулы экспедицияларға белгілі ғалымдар П.К.Паллас, И.Георги, И.П.Фальк жетекшілік етті.

Орталық Қазақстанның табиғи байлығын зерттеп, анықтауда 1814 жылғы майор Набоковтың, 1815 жылғы маркшейдер М.Германның, 1816 жылғы маркшейдер И.Шангиннің экспедицияларының маңызы үлкен болды.

Жалпы тек XVIII ғ. соңғы ширегі – XIX ғ. басында Қазақстанда онға жуық экспедиция болды. Олардың көпшілігі Жезқазған өңірінің байлығын анықтауда үлкен роль атқарды. Осы кезеңнен бастап мысты өлкені жүйелі жан-жақты зерттеу басталды, ал ол қазақ жеріне алғашқы кәсіпкерлердің сенімімен келуіне негіз болды.

Қазақстанның көне қалаларының бірі Қарқаралы – табиғат мол байлық сыйлаған Сарыарқаның шағын ғана бір бөлігі. Тарихи деректердің мәлімдеуінше Қарқаралының

ақ қайың мен жасыл терек зерлеген шұрайлы өлкесі ерте кезден-ақ оқымысты - ғалымдардың, саяхатшы – зерттеушілердің көңіліне ұялап, көзін қызықтырған.

Бұл өлкені алғаш ашушылар тізімі едәуір. Көгілдір таулар етегімен капитан И.Г.Андреев (1785 ж.), атаман Телятников (1796 ж.), тау-кен чиновниктері М.Поспелов пен Т.Бурнашов (1800 ж.), Сібір корпусының тілмашы Ф.Назаров (1833 ж.) және басқа қызмет адамдары жүріп өткен. Сондай-ақ бұл өңірге Алтай тауы аймағының маркшейдері И.П.Шангин де саяхат жасаған. Ол 1816 жылы Көрпетай және Бесшоқы мекендерінен көне қорғасын, мыс орындарын көптеп тапқан.

1826 жылы К.А.Мейердің жетекшілігімен ғылыми экспедиция келді. Экспедиция Қарқаралы тауларында бірнеше апта болып, өсімдіктерді жинаумен және зерттеумен айналысты. К.А.Мейер ғалым-географтардың жаңа буынын бастады. Оның ізін баса шыққан А.И.Левшин, Г.С.Карелин (1841), А.И.Шренк (1843), А.К.Гейнс (1865) Қарқаралыда болған.

Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов Қарқаралы округінде екі рет 1855 және 1863 жылдары болды. Қызмет бабындағы сапарын ол халықтың ауызеке аңыз-әңгімелерін, ән-жырларымен танысуға арнады. Ш.Уәлиханов мал шаруашылығы жөнінде бірсыпыра қызықты материалдар жинады. Оның “Қарқаралының сыртқы округтері болыстарының қысқы көші-қоны” деген еңбегі осы тақырыпқа арналады. Орыс саяхатшысы Семенов – Тянь – Шанскийдің жетекшілігімен 1865 жылы жарық көрген “Ресей империясының географиялық – статистикалық сөздігінің” екінші томында Қарқаралының ғажайып табиғаты, алғашқы адамдар мекендеген жұмбақ үңгірлері мен құпиялы қорғандары жайлы кеңінен баяндалып, бұл өлкенің атақ-даңқын әлемге таратады. Соның бірі – атақты “Қалмақ қорғаны” десек, ені мен биіктігі үш метр, ұзындығы бес шақырымға жететін осынау өзгеше бір “Қытай қорғанын” тұрғызуда мыңдаған адам талай жыл бойы тер төгіп, еңбек еткен деседі.

Поляк революционері, демократ Адольф Янушкевич Сібірде айдауда жүргенде жиі-жиі әрі ұзақ уақыт қазақ даласында болып халқымыздың өмірін, дәстүрін және мәдениетін зерттеген. Ол 1846 жылы қыркүйегінде Қарқаралы уезінде болған әсерлері туралы “Күнделіктер мен хаттар” немесе “Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар” атты кітабында былай деп жазған: “Ақтау жолына дейін жолымыз әуелі тастақты еді. Одан Жарлы өзеніне шейін жол қойнауымен өтеді, содан соң қарағай орман жапқан таулы-тасты жерлерден асып, Қарқаралының өзеніне жетеді. Бас аяғы – тоқсан шақырым...Қарқаралы тауының көрінісі ғажап. Қарқаралының өзі де айналасы тау, іргесінде өзен ағып жатқан бір әдемі жерге орналасқан.”

Бұл өлкеде 1909 жылы болған орыстың танымал жазушысы М.Пришвин “Русские ведомости” газетінің тілшісі ретінде қоныс аударушылардың тұрмасын зерттеу мақсатында Қарқаралы қаласында болып қайтқан. Осы сапарында ол Кент, Қызылтау тауларын аралап жүріп, Қарқаралы уезінің этнографиялық материалдарын, қырғыз (қазақ) аңыздары мен ертегілерінің жазбаларын жинастырды. Жазушы 1909 жылғы Қазақстанға саяхаттың әсері негізінде жазған шығармаларының бәрінде дерлік табиғаттың әртүрлі құбылыстарына тарихи деректер мен түрлі нанымдар негізінде жасалған тұжырымдарға үлкен орын береді. Қазақтың халықтық фольклорын пайдалана отырып, өз кейіпкерлерінің қазақтың ежелгі ертегілерімен өзектес дүниетанымын оқырмандар алдына жайып салады. Ол осында жүріп “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын алғаш тыңдаған. Қарқаралы басына шығып, Шайтанкөлдің көз сұқтандырар

сұлулығын өз шығармасына арқау етеккен. Қазір М.Пришвиннің Сарыарқа қазақтарының өмірінен бір емес, бірнеше мақалалар мен очерктер жазғаны белгілі болып отыр. Олар “Шайтанкөлде”, “Қара араб”, “Адам және Ева”, “Тұзды көл” және тағы да басқа шығармалар.

Ұлы Ш.Уәлихановтың сүйікті досы, белгілі саяхатшы – этнограф Г.Потанин Қарқаралы уезіне, 1913 жылы аңыз-жырлардың алуан нұсқаларын жинап, қазақ фольклорын зерттеуге келеді. Бұл сапарда Г.Потанин баяғыдан танытын Томск университетінің студенті Ә.Ермеков жанында еріп жүрді. Олар Қарқаралы қаласында, Қоянды жәрменкесінде, Бүйіртас мекенінде болды.

Қарқаралы уезінің халықтың ауыз әдебиетіне бай екендігіне ғалым бұдан бірнеше жыл бұрын білген. 1895 жылы ғалым Ш.Уәлихановтың әкесі Шыңғыстың ауылына барғанда оны Петербург университетінің студенті Сұлтанғазин бастап жүрген. Сұлтанғазин ғалымның өтінішімен көптеген ертегілер жазып алады. Бұл ертегілердің қолжазбалары «Живая старина» редакциясының қоржынында көп жылдар жатып қалады да, тек 1916 жылы Г.Потаниннің алғы сөзімен және редакциялауымен жарық көрді.

Г.Потанин қазақ халқының мәдениеті, тұрмысы, фольклоры жөнінде материалдар жинап, соның негізінде «Тоқырау өзенінің сағасында» мақаласы 1914 жылы «Сибирская жизнь» газетінде жарияланды. Қазақтың мың әнін жинаумен тарихта теңдессіз тәлі қалдырған атақты музыка зерттеушісі А.В.Затаевич Қарқаралы өңіріндегі құйма құлақ, зерделі де зерек жыраулар ауызынан 154 ән жазып алған. Ол даңқты француз жазушысы Р.Ролланға жазған хатында Қарқаралы табиғатының қайталанбас сұлу келбетін сүйсіне суреттеп, бұл аймақтың әншілерін әлемдік деңгейдегі өнер жұлдыздарымен қатар қояды.

Әдебиеттер:

Әзиев Ә. Қазыналы Сарыарқа.- Алматы: Қазақстан, 1978.- 119 б.

Бақтыбаев Ә. Потанин, Пришвин, Затаевич және Қарқаралы // Орт. Қазақстан.- 1987.- 11 окт.

Баяндин Н. Г.Н.Потанин: (1835-1920) // Атақты географтар.- Алматы, 1958.- 49-55 б.

Ләмбеков С. Қамқоршы: Белгілі саяхатшы ғалым Г.Н.Потанин мен Н.Нұрмақов туралы әңгіме // Қарқаралы.- 1991.- 6, 13 сәуір

Омарбеков М. Қарқаралы аспанында жұлдыздар: /Қарқаралыға Г.Н.Потаниннің, А.Құнанбайұлының болғаны жайлы/ // Коммунизм таңы.- 1977.- 15 қараша

Попов Ю. Ғалым-саяхатшы Сарыарқада: /Г.Потанин/ // Орт. Қазақстан.- 1993.- 18 қараша

Попов Ю. Затаевичтің Қарқаралыда болуы // Қарқаралы.- 1992.- 15 тамыз

Попов Ю. Қарқаралыны зерттеушілер // Коммунизм таңы.- 1981.- 31 қазан

Попов Ю. М.Пришвиннің қазақ серіктері: /Өлкетанушының күнделігінен/ // Орт. Қазақстан.- 1994.- 29 қырк., 1 қазан

Попов Ю. Пришвиннің Кентке сапары // Шұғыла.- 1981.- 27 маусым

Попов Ю. Сарыарқа жайында ғалым күнделігі: /Этнограф Ф.А.Фиельструп күнделігінен/ // Орт. Қазақстан.- 1993.- 12, 13 қазан

Попов Ю. Сарыарқаның білгірлері: /Пришвин М. және т.б. туралы/ // Орт. Қазақстан.- 1993.- 28 мамыр

Попов Ю. Шоқан Қарқаралыда // Коммунизм таңы.- 1986.- 9 қазан

Попов Ю. Шоқанның өшпес ізі: /Ш.Уәлихановтың Қарқаралыда болғандығы жайлы дерек/ // Орт. Қазақстан.- 1988.- 22 шілде

Сатыбалдин Ш. Шындықа айналған болжам: /Г.Н.Потанин Қарқаралыда/ // Коммунизм таңы.- 1980.- 26 маусым

Тайшыбай З. Сарыарқа сазы: /Затаевич туралы/ // Орт. Қазақстан.- 1994.- 20, 22 желт.


Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар / Ауд. М.Сәрсекеев.- Алматы: Жалын, 1979.- 272 б.

Өлкетану викториналық сұрақтар:

- **Мамонт жануарының замандасы болып келетін, қандай жануар біздің облысымызда өмір сүрген?**
 - САЙҒАҚ.
- **Қарағанды облысының ежелгі қаласыны атаңыз. Ол қай жылы құрылған?**
 - ҚАРҚАРАЛЫ қаласы, ол 1824 жыл құрылған.
- **Біздің облысымыздың жерінде көмірді алғашқы рет кім тапқан?**
 - Қарағанды көмір кенішін алғаш ашушы АППАҚ БАЙЖАНОВ, ол 1833 жылы Нұра өзенінен оңтүстікке қарай Қарағандыбасы деген жерде тас көмір кесектерін табады.
- **Қарағанды қаласының атауы қайдан шыққан?**
 - Қарағанды – бұл өңірдің байырғы атауы екен. Қазіргі қала орынында бұрынырақ қалың қараған өсіп, шұбартып жататын болған. Демек, Атаудың мағынасы – «қараған қалың өскен жер». *Қараған* – өсімдік аты. *Қараған* сөзіне *-ды* қосымшасы жалғанған атау.
- **Қарағандыдан 260 км, Қырғызия ауылының 1,5 км жерінде қалдықтарын тапқан, XIII-XV ғасырлар архитектура ескерткішін атаңыз?**
 - ҚЫЗЫЛ КЕНІШ САРАЙЫ.
- **Үлкен Михайловка, Федоровка, Киевка, Тихоновка, Дубовка және т.б. поселкелер қалай пайда болған?**
 - XIX ғасырдың 70-ші ж.ж. крепостойлық правоны жойған соң, Қазақстанға Ресейдің орталық губерниялары мен Украинадан қоныс аудару ісі басталды. XX ғ. Басында Қарағандының айналысына тұрғын халықтың қоныстануы барған сайын молая түскен. Мұнда 1907 жылдың қарсаңында Үлкен Михайловка, Дубовка, Новоузенка, Волынка, Тихоновка деп аталған поселкелер пайда болған.
- **Қоянды жәрмеңкесі қай жылы және қай жерде ашылған?**
 - Қоянды (Қоянды-Ботов) жәрмеңкесін 1848 жылы көпес Варнава Ботов негізін қалаған, ол Қоянды өңірінің тұрғындарымен алғашқы саудасын жасаған. Бірте-бірте дами отырып, бұл сауда орны Орталық Қазақстанның ірі жәрмеңке дәрежесіне дейін көтерілді.

Өз өлкеңді білесің бе?

(өлкетану сөзжұмбағы)



Бақылау әріптерін қолдана отырып, Орталық Қазақстанның тарихына, географиялық объектілеріне байланысты сұрақтарға жауаптарын тігінен (жоғарыдан төменге қарай) жазыңыз:

1. Мыс кен орны – Балқаш кен-металлургия комбинатының қоймасы.
2. Қарағанды облысының ежелгі қаласы.
3. Қазақстан қара металлургиясының басты орталығы болып саналатын қаланың аты.
4. Біздің облыстың жерінде тас көмір кесектерін тапқан қойшының аты.
5. Өспен мыс руднигі салынған өңірдің аты.
6. Қазақтың ұсақ шоқылығының аты.
7. Бұқар жырау ауданының орталығы.
8. Қазақстан жерінде орналасқан ғарыш кенішінің аты.
9. Сарықаның ең үлкен аймағына еңбегі сіңген өміршең өсімдіктің аты.
10. Еліміздегі түсті металлургияның ірі орталығы болып саналатын қаланың аты.
11. Тас көмір кесектері бар, Қарағандыбасы өңірінің жерін 1856 жылы сатып алған өндірісші орыс көпесінің фамилиясы.
12. Қазақстандағы ірі көлдің бірі.
13. Сарыарқа өңіріндегі ежелден белгілі кен өндіру және қорыту орталықтарының бірі.
14. Сарыарқаның оңтүстік батысындағы ұсақ шоқылы, аласа таулы жердің аты.
15. Қоянды жәрменкесін негізін қалаған көпес Ботовтың аты.
16. Төменді менсінбей, төбеге қоныс тепкен тәкаппар көлдің аты.

Өз өлкеңді білесің бе?
(өлкетану сөзжұмбағының жауаптары)

	Қ	Т				
	А	Е			Б	
	Р	М	А		С	О
	Қ	І	П	Н	А	Т
Қ	А	Р	П	І	Р	А
О	Р	Т	А	Л	Ы	Қ
Ң	А	А	Қ	Д	А	А
Ы	Л	У		І	Р	Р
Р	Ы				Қ	А
А					А	
Т						

								Ш
							В	А
Б	Қ			Б	Қ	Ұ	А	Й
А	А	Ж	У	А	А	Л	Р	Т
Й	Р	Е	Ш	Л	Р	Ы	Н	А
Қ	А	З	А	Қ	С	Т	А	Н
О	Ғ	Қ	К	А	А	А	В	К
Ң	А	А	О	Ш	Қ	У	А	Ө
Ы	Н	З	В		Б			Л
Р		Ғ			А			
		А			Й			
		Н						

М а з м ұ н ы :

Оқырмандарға	2
Облыстың өткен тарихы (Қысқаша тарихи очерк)	4
Қарағанды облысының революцияға дейін кезеңіндегі пайдалы қазбалар кен орындарының өндірісі	9
Украина мен Ресей шаруаларын қоныстандыру	14
Сарыарқаның «Жібек жолы» (Қоянды жәрмеңкесі туралы)	16
Сарыарқа саяхатшылар жазуларында (17-19 ғғ.)	19
Өлкетану викториналық сұрақтар	23
Өз өлкенді білесің бе? (өлкетану сөзжұмбағы)	24
Өлкетану сөзжұмбағының жауаптары	25

Басып шығаруға жауапты: Н.В.Гоголь атындағы
ОҒӘК директоры Ж. К. Шаймұханбетова

Құрастырушы: Өлкетану бөлімінің
кітапханашы Г. Н. Умбединова

Сарыарқаның өткен тарихы (Қазан революциясы кезеңіне дейінгі Қарағанды):
Әдістемелік-библиогр. материалдар / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы;
Құраст.: Г.Н.Умбединова.- Қарағанды: б.ж., 2002.- 26 б.: сурет. - (ОҒӘК өлкетану
ресурстары – жастарға; 1 бас.).

Таралымы 40 дана

©Қарағанды облыстық Гоголь атындағы ғылыми-
әмбебап кітапханасы, 2002 ж.
©Умбединова Гауһар Нұрланқызы, 2002 ж.